

Босқын мәртебесін беру ережесін бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 20 қарашадағы N 273-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 19 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5143 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 17 наурыздағы № 87-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010.03.17 № 87-ө Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 34-бабының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Босқын мәртебесін беру ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің төрағасы Ж.Н. Әбдиев осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
3. "Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін анықтау тәртібі және босқын деп тану туралы өтініш-хат білдірген адамдармен жұмыс істеу жөнінде нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі төрағасының 1998 жылғы 27 мамырдағы N 22 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 519 тіркелген) күші жойылған деп танылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің төрағасы Ж.Н. Әбдиевке жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

**Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі**

2007 жылғы 6 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің
2007 жылғы 20 қарашадағы N 273-ө бұйрығына

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

2008 жылғы 7 қаңтар

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы

2008 жылғы 5 ақпан

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2007 жылғы 20 қарашадағы
N 273-ө бұйрығымен бекітілген

Босқын мәртебесін беру ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Босқын мәртебесін беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңның 34-бабының б) тармақшасына сәйкес әзірленді. P100183

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру тәртібін айқындайды.

3. Қазақстан Республикасында босқындар деп саяси сенімі, нәсілі, діни нанымы, азаматтығы, ұлты, белгілі бір әлеуметтік топқа қатыстылығы бойынша қудалау құрбаны болуының негіздемелік қаупіне орай азаматтығы бойынша өзінің елінен тыс жерде болуға мәжбүр және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан қорғауын пайдаланғысы келмейтін, өзінің бұрынғы тұрғылықты елінен тыс жерде жүрген, еліне қайта алмайтын немесе әлгіндей қауіп салдарынан қайтқысы келмейтін шетелдіктер танылады (бұдан әрі - босқындар).

4. Баспана іздеген адам - босқын мәртебесін беру туралы қолдаухаты Қазақстан Республикасының уәкілетті органында түпкілікті шешім қабылданғанға дейін қарастырылып жатқан Қазақстан Республикасында баспана іздеген адам.

5. Босқын куәлігі - Комитеттің аумақтық органы беретін, босқын мәртебесін растайтын және Қазақстан Республикасының барлық аумағында жарамды құжат.

6. Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру туралы шешім қабылдауға уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалаларының көші-қон басқармалары (бұдан әрі - Комитеттің аумақтық органдары) болып табылады.

7. Қолдаухат беруші адам - Комитеттің аумақтық органдарына босқын мәртебесін беру туралы қолдаухатпен жүгінген адам.

2. Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру туралы қолдаухат берудің және оны тіркеудің тәртібі

8. Босқын мәртебесін беру туралы қолдаухатты (бұдан әрі - қолдаухат) Қазақстан Республикасының аумағына келген, баспана іздеген адам Комитеттің аумақтық органдарына өзі тікелей береді (1 - қосымша).

Қолдаухатқа:

- 1) өзі қолымен еркін түрде толтырған өмірбаяны;
- 2) белгіленген нысан бойынша толтырылған сауалнама (2 - қосымша);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттар көшірмесі;
- 4) түрлі-түсті 2 фотосуреті (3x4 см) қоса беріледі.

9. Қолдаухатты қабылдау қолдаухат берушінің және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттары болған кезде жүзеге асырылады. Егер баспана іздеуші адамның немесе оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттары болмаса, онда бұл адам осы құжаттардың болмауы туралы жазбаша еркін түрде түсініктеме береді.

10. Қолдаухат берушінің және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттарының болмауы оның қолдаухатын тіркеуден бас тартуға негіз болып табылмайды.

11. Егер қолдаухат беруші адам Комитеттің аумақтық органына қолдаухат тапсырған кезде аудармашының қызметін пайдалана алады.

12. Қолдаухатты баспана іздеуші адамның өзі немесе оның отбасы мүшесі толтырады. Егер адамның өзі немесе оның отбасы мүшесі қандай да болмасын шынайы себептер бойынша (тілді білмеуі, дене кемістігі, сырқат болуы) қолдаухатты толтыра алмайтын болса, оны басқа бір адамның толтыруы мүмкін. Комитеттің аумақтық органының қызметкері қолдаухатты баспана іздеуші адамның қатысуымен басқа адамның толтырғаны туралы қолдаухатқа жазады, оның себебін, қолдаухатқа қол қойған адамның деректері көрсетіледі: аты-жөні, тегі, әкесінің аты, туған жері, туған күні, азаматтығы және тұрғылықты мекен-жайы.

13. Қолдаухат баспана іздеуші адамның отбасының он сегізге толған әр мүшесінен беріледі. Отбасының он сегіз жасқа толмаған мүшелері туралы деректер ата-анасының біреуінің қолдаухатына жазылады, ал ата-анасы болмаған кезде олардың заңды өкілінің немесе он сегізге толған бір мүшесінің қолдаухатына жазылады. Баспана іздеуші адамның отбасының он сегіз жасқа толмаған, бірақ заңды некеде тұратын, сонымен қатар ілеспей келген мүшелері қолдаухатты жалпы негізде береді.

Бір отбасы мүшелерінің барлық қолдаухаттары бір іске ресімделеді.

14. Әрбір қолдаухатты Комитеттің аумақтық органы қолдаухат беруші адамдарды белгіленген нысан бойынша тіркеу журналында (бұдан әрі - Журнал) тіркейді (3-қосымша).

15. Комитеттің аумақтық органдары қолдаухатты тіркеу кезінде қолдаухат беруші адамға босқын мәртебесін айқындау ресімдерін түсіндіреді.

16. Қолдаухат беруші адамға, Журналда тіркеумен бір мезгілде оның қолдаухаты бойынша шешім қабылдауына дейінгі мерзімге қолдаухат берушіні тіркеу үшін Көші-қон полициясы бөлімшесіне белгіленген нысан бойынша жолдама беріледі (4-қосымша). Аталған жолдаманы алғаннан кейін қолдаухат беруші адам үш жұмыс күні ішінде көші-қон полициясының бөлімшесінде тіркелуге тиіс.

17. Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін алған тұлғадан кейін Қазақстан Республикасының аумағына келген немесе қолдаухаты Комитеттің аумақтық органында тіркелген тұлғаның жұбайы (зайыбы) және кәмелетке толмаған балалары отбасымен қосылу мақсатымен қолдаухат берген кезде өздерінің отбасылық қатынастарын растайтын дәлелдер ұсынуға тиіс.

18. Қолдаухат бойынша:

1) Комитеттің аумақтық органы Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру туралы;

2) Жазбаша түрдегі уәждемелі негіздемесімен Комитеттің аумақтық органы Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін айқындау рәсімі

19. Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін айқындау рәсімі:

1) ұсынылған құжаттарды зерттеуді;

2) алынған деректердің растығын тексеру;

3) қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарынан сұратуды;

4) Комитеттің аумақтық органының қолдаухат беруші адам ісінің макетін дайындауды ;

5) аумақтық орган жанындағы Босқын мәртебесін анықтау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қолдаухат беруші адамның істерін қарауды;

6) қолдаухат бойынша Комитеттің аумақтық органымен шешім қабылдауды;

7) белгіленген нысан бойынша босқын куәлігін (5-қосымша) беруді қамтиды .

20. Қолдаухат беруші адаммен әңгімелесу сауалнама толтыра отырып, жүргізіледі. Сауалнамаға қолдаухат беруші адам ұсынған барлық құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

21. Қолдаухат беруші адаммен әңгімелесу құпиялық сақтауға мүмкіндік беретін орында өтуге тиіс.

22. Егер қолдаухат беруші адам аудармашының қызметін пайдаланғысы келсе , онда әңгімелесу аудармашының қатысуымен жүргізіледі.

23. Қолдаухат бойынша шешімді Комиссияның ұсынымы негізінде (6-қосымша) аумақтық орган қолдаухат тіркелген күннен бастап бір айдың ішінде қ а б ы л д а й д ы .

Қолдаухат беруші адамнан алынған ақпараттың дұрыстығын тексеру қажет болған кезде бұл мерзімді Комитеттің аумақтық органы қолдаухат беруші адамға үш жұмыс күні ішінде хабарлай отырып, үш айға дейін ұзартуы мүмкін.

24. Комиссия Комитеттің аумақтық органы басшысының (не оның міндетін атқарушы адамның) бұйрығымен құрылады, ол Комиссияның төрағасы болып табылады. Комиссия бес мүшеден тұрады. Комиссияның құрамына Комитеттің аумақтық органының үш қызметкері және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық бөлімшелерінің бір-бір қызметкері кіреді (келісім бойынша). Комиссия мүшелерінің деңгейі бөлім бастығынан төмен болмауы тиіс.

Комиссия отырысы мүшелердің жалпы санының үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы деп саналады.

25. Қолдаухаттар Комиссия отырыстарында қаралады.

26. Қолдаухаттары Комиссияның кезекті отырысында қаралатын адамдар отырыс күніне дейін жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етілуге тиіс.

27. Комиссия отырысында қолдаухат бойынша қорытынды дайындаған Комитеттің аумақтық органының қызметкері баяндама жасайды. Комиссия мүшелері қажет болған жағдайда оған сұрақтар қоя алады. Комитеттің аумақтық органының қызметкері тыңдалғаннан кейін қолдаухат беруші адам Комиссия отырысына шақырылады.

28. Комиссия мүшелері қолдаухат беруші адамға қолдаухат бойынша ақпаратты нақтылау үшін сұрақтар қояды. Өз кезегінде қолдаухат беруші адам Комиссия отырысында тыңдалады.

29. Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша Комитеттің аумақтық органы Комиссия ұсынымының негізінде қолдаухат беруші адамға босқын мәртебесін беру немесе одан бас тарту туралы шешім (7-қосымша) шығарады немесе қолдаухат беруші адамның мәліметтерін қосымша тексеру қажеттігі туралы хабарлайды.

30. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру жолымен қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе қабылданды деп е с е п т е л е д і .

Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

31. Қазақстан Республикасында босқын мәртебесі берілген, қолдаухат беруші адамға шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей Комитеттің аумақтық органы босқын куәлігін береді.

Босқынның кәмелетке толмаған отбасы мүшелері ата-аналарының босқын куәлігіне жазылады, ал ата-анасы болмаған кезде олардың заңды өкілінің не отбасының он сегізге толған бір мүшесінің қолдаухатына жазылады.

Босқын куәлігі Комитеттің аумақтық органы берген белгіленген нысан бойынша жолдама (8-қосымша) негізінде көші-қон полициясының бөлімшесінде тіркеледі.

32. Босқын куәлігін жоғалтқан жағдайда куәлік иесі Комитеттің аумақтық органына оның жоғалғандығы және құжаттың төлнұсқасын беру туралы өтініш береді. Комитеттің аумақтық органы босқынға өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей мөртаңба қойылған босқын куәлігінің төлнұсқасын береді.

33. Қолдаухат беруші адамға Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беруден бас тартылған жағдайда шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияның бас тарту туралы уәждемелі шешімі беріледі.

34. Комитеттің аумақтық органы, егер қолдаухат беруші адам:

1) өзі азаматы болып табылатын елінің қорғауын ерікті түрде қайта п а й д а л а н с а ;

2) өз азаматтығын жоғалтып, оны ерікті түрде қайта алса;

3) жаңа азаматтық алса және өзі жаңа азаматы болып табылатын елінің қ о р ғ а у ы н п а й д а л а н с а ;

4) қуғындау қауіптері салдарынан өзі болған, өзі тастап кеткен елге немесе оның шегінен тыс жерде ерікті түрде қайта орныкса;

5) өзі азаматы болып табылатын елінің қорғауын пайдаланудан бас тарта

алмаса, не оның негізінде босқын болып танылуға қолдау хат тапсырған жағдайлар енді болмаса;

6) белгілі бір азаматтығы жоқ адам бола тұрып, не оның негізінде босқын болып танылуға қолдау хат тапсырған жағдайлар енді болмаса, өзінің бұрынғы дағдылы тұрақты тұратын жерінің еліне қайта алса;

7) бейбітшілікке қарсы қылмыс, әскери қылмыс, немесе адамзатқа қарсы қылмыс, осындай қылмыстарға қатысты іс-шаралар қабылдау мақсатында жасалған халықаралық актілерде осы қасақана әрекеттер жасады деген, немесе өзіне баспана берген елден тыс жерде және осы елге босқын ретінде жіберілгенге дейін саяси емес сипатта ауыр қылмыс жасады деген, немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен принциптеріне қайшы келетін қасақана әрекеттер жасауға кінәлі деген оған қатысты салмақты негіздер болса;

8) мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздыққа жағдай жасаса;

9) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге бағытталған іс-әрекеттер жасаса;

10) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

11) бұрын Қазақстан Республикасынан шығарылып жіберілсе босқын мәртебесін беруден бас тарту жөнінде шешім қабылдайды.

35. Комитеттің аумақтық органының Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беруден бас тарту туралы шешімінде осы шешімге Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитетінде (бұдан әрі - Комитет) немесе сот тәртібімен Қазақстан Республикасындағы заңнамасына сәйкес шағымдана алатындығы көрсетілуі тиіс.

4. Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту тәртібі

36. Босқын мәртебесі бір жылға беріледі және Комитеттің аумақтық органы жыл сайын оның ұзарту мәнін қайта қарайды.

37. Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы шешімді Комитеттің аумақтық органы (9-қосымша) Комиссияның ұсынымы негізінде (10-қосымша) қабылдайды.

38. Комитеттің аумақтық органы босқын мәртебесінен айыру немесе оны тоқтату туралы қабылданған шешім туралы көші-қон полициясының бөлімшесін қабылданған шешімнің көшірмесін ұсына отырып, үш жұмыс күні ішінде

хабардар етеді, сондай-ақ босқын мәртебесін ұзартудан бас тартылған адамның өзіне қабылданған шешімді және босқын куәлігін жарамсыз деп тану туралы хабарламаны тапсырады немесе жібереді.

39. Босқын мәртебесін ұзартудан бас тартылады, егер:

- 1) ол өзіне босқын мәртебесі үшін негіздеме болған, жалған деректерді қасақана әдейі хабарласа, немесе босқын мәртебесін беруден бас тартуға негіз болатын мәліметтерді жасырса;
- 2) босқын мәртебесін беруге негіздеме болған мән-жайлар жойылған кезде;
- 3) мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздыққа жағдай жасаса;
- 4) саналы түрде Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шықса, ел аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;
- 5) лаңкестік қызметі үшін сотталған болса;
- 6) оның Қазақстан Республикасынан тыс жерде саяси емес сипаттағы аса ауыр қылмыс жасағаны ақиқат анықталған болса айрылады;
- 7) Қазақстан Республикасының немесе басқа елдің азаматтығын алса;
- 8) басқа мемлекеттің аумағында босқын мәртебесін алса;
- 9) Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерге тұрақты тұруға кетсе;
- 10) қуғындау қаупі салдарынан өзі кеткен елге өз еркімен кетсе;
- 11) Комиссияның босқынның куәлігінің мерзімін жыл сайын ұзарту отырысына келмесе, және Комитеттің аумақтық органы осы отырыс күнінен бастап үш айдан астам одан ешқандай ақпарат алмаған кезде.

5. Қорытынды ереже

40. Комиссияның Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беруден бас тарту туралы шешіміне Комитетке немесе сот тәртібімен Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

Босқын мәртебесін беру ережесіне

1-қосымша

нысан

кімге _____

(аумақтық орган бастығының
аты-жөні және лауазымы)

_____ азаматы

(қ а й е л д і ң)

бұрынғы тұрған жері _____

отбасы құрамында _____ адам

_____ уақытша тұратын
(м е к е н - ж а й)

(кімнен, тегі, аты, әкесінің аты)

**Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру туралы
қолдау хат**

Мені және отбасымның мүшелерін Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін берулеріңізді сұраймын. _____

байланысты тұрғылықты жерден кетуіме тура келді.

Отбасы мүшелері туралы мәлімет

№№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні	Туыстық дәрежесі

Қолдау хат беруші _____

" " _____ ЖЫЛ

Босқын мәртебесін беру ережесіне

2-қосымша
нысан

**Қазақстан Республикасында босқын деп тану туралы
қолдау хат берушінің
N _____ сауалнамасы**

1. Тегі, аты, әкесінің аты

2. Туған күні, айы және жылы

3. Туған жері

4. Азаматтығы

5. Ұлты

6. Жеке басын куәландыратын паспорт немесе өзге құжат _____

(ататуы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді)

7. Отбасы жағдайы _____

8. Отбасы құрамы _____ адам

9. Қолдаухат беруші адамен бірге келген отбасы мүшелері туралы мәліметтер:

№N	Тегі, аты, әкесінің аты	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Жеке басын куәландыратын паспорт немесе өзге құжаттың N, сериясы	Ұлты	Азаматтығы

10. Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жері _____

11. Осы мекен-жай бойынша отбасының барлық мүшелері тұра ма. Егер тұрмаса, отбасы мүшелерінің қайсысы тұрмайды және тұрғылықты мекен-жайын көрсетіңіз _____

12. Сіз және отбасыңыздың мүшелері қашан және қай мемлекеттен келдіңіздер және келу себептері (толық жазыңыз) _____

13. Егер Сіз өзіңіз азаматы емес ел аумағынан келсеңіз, ол елде босқын мәртебесін алу туралы өтініш жасадыңыз ба _____

14. Қандай тілдерді білесіздер (сіз және отбасыңыздың мүшелері) _____

15. Сізде немесе отбасыңыздың мүшелерінің арасында мүгедектер бар ма (иә/жоқ), болса қандай топтағы мүгедек _____

16. Сіз немесе отбасыңыздың мүшелері тұрған (кеткен) мемлекетте шақыру бойынша немесе келісім бойынша әскери қызметте болдыңыздар ма _____ (иә/жоқ). Егер болса, кім және қайда қызмет еткенін көрсетіңіз _____

17. Сіз немесе отбасыңыздың мүшелері қылмыс жасағаны үшін қылмыстық

жауапкершілікке тартылды ма _____ (иә/жоқ). Егер тартылса, кімнің, қашан, қай соттың үкімімен және қанша мерзімге тартылғанын көрсетіңіз _____

18. Қазақстан Республикасында отбасыңыздың туыстары бар ма (иә/жоқ). Егер болса, олардың туыстық дәрежесін және тұрғылықты жерін көрсетіңіз _____

19. Болжап отырған тұрғылықты орынды көрсетіңіз (қала, облыс, аудан, елді-мекен) _____

20. Отбасы мүшелерінен кімнің білімі бар және қандай мамандық иелері екендігін көрсетіңіз _____

21. Сізде және отбасыңыздың мүшелерінде медициналық мекемелер қандай ауруларды анықтады _____

22. Қай балаңызға қандай алдын-алу екпелері егілгенін көрсетіңіз _____

23. Сіз Қазақстан Республикасында болдыңыз ба _____ (иә/жоқ). Егер болсаңыз, болған күн мен келу себебін көрсетіңіз _____

24. Хабарлау қажет деп есептеген қосымша мәліметтер _____

Осы сауалнамада келтірген мәліметтердің барлығы дұрыс екендігін ресми түрде мәлімдеймін.

Өтініш беруші _____ және кәмелетке толған келген отбасы мүшелері _____

_____ ҚОЛЫ

(аты-жөнін көрсете отырып)

Сауалнама» " _____ " _____ 200_ жылы ұсынылды

Сауалнаманы қабылдаған мекеме _____

Сауалнаманы қабылдаған адамның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты _____

_____ жыл
(қолы)

Босқын мәртебесін беру ережесіне
3-қосымша
нысан

Қазақстан Республикасында босқын деп тану туралы қолдаухат беруші
адамдарды тіркеу журналы

р/с N	Тіркеу күні	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жері және туған күні	Азамат- тығы	Бұрынғы тұрғылық- ты жері	Отбасы құрамы (адам)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Шешім N және оны қабылдау күні	Куәлік N және оны беру күні	Куәлікті немесе шешімді алған күні және қолы	Есептен шығару	Ескерту
8	9	10	11	12

Босқын мәртебесін беру ережесіне
4 - қ о с ы м ш а
н ы с а н

_____ бойынша
Көші-қон полициясының
бөлімшесі

Қолдаухатты тіркеу жолдамасы

N _____ " _____" _____ 200_ жыл

Осы жолдама _____

(туған елін көрсету)

келген өзін және отбасы мүшелерін Қазақстан Республикасында босқын деп тану туралы қолдау хат беруші _____

(Тегі, аты, әкесінің аты)

_____ мерзімге

мекен-жайы бойынша тіркеу үшін берілді.

Көші-қон жөніндегі _____

басқарма бастығы қолы және тегі, аты, әкесінің аты

Босқын мәртебесін беру ережесіне

5-қосымша

нысан

Босқын куәлігі

Удостоверение беженца

Фамилиясы _____

Фамилия

Аты _____

Имя (имена)

Туған жері, күні, айы, жылы _____

Дата и место рождения

Азаматтығы _____

Гражданство

Қазақстан Республикасының қорғауында тұратын босқынды куәландырады.

Удостоверяет, что ему (ей) присвоен статус беженца и находится под защитой

Республики Казахстан

Босқын мәртебесі берілді

Статус беженца присвоен с " _____ " _____ 20__ жыл

Мына мекен-жайда тұрады _____

Проживает по адресу

Куәліктің қолданылу күні:

Удостоверение действительно до:

" _____ " _____ 20__ жыл

Куәлік берілген орын және күні, айы, жылы
Дата и место выдачи удостоверения

" _____ " _____ 20 _____

К ө ш і - қ о н

К о м и т е т і н і ң

Басқарма бастығы _____

Начальник Управления _____

Мөр орны _____

Комитета по миграции _____

Тіркеу	№ _____
Суреттің	Регистрационный
орны	орны
Фото	Босқынның қолы
	Подпись беженца
Мөр орны	

Босқынның отбасы мүшелері:

Члены семьи беженца:

Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество	Туыстық қатысы Степень родства	Туған жылы, айы, күні Дата и год рождения

Куәлік ұзартылды: _____

Удостоверение продлено до: _____

Қолы _____

Подпись _____

Мөр орны _____

Босқын _____

куәлігіне _____

жапсырма _____

Вкладыш к удостоверению беженца № _____

Т і р к е у _____

о р н ы _____

Место регистрации _____

Күні, айы, жылы _____

Д а т а _____

Мекен-жайы _____

Адрес _____

Мөр орны _____

Е р е к ш е _____

б е л г і л е р _____

ү ш і н : _____

Для особых отметок: _____

Босқын мәртебесін беру ережесіне

6-қосымша

нысан

**Босқын мәртебесін беру туралы қолдау хат жөніндегі
комиссия ұсынымы**

_____ бойынша

(о б л ы с / қ а л а)

Көші-қон комитетінің басқармасының Босқын мәртебесін
анықтау жөніндегі комиссиясы

N _____ 200_ жыл»" _____ "

Көші-қон басқармасының Босқын мәртебесін анықтау жөніндегі комиссиясы
Қазақстан Республикасының»"Халықтың көші-қоны туралы" Заңына сәйкес
босқын деп тану туралы қолдау хатты қарап

Тегі, аты, әкесінің аты: _____

Туған күні мен жері, азаматтығы _____

Тұрғылықты мекен-жайы _____

және отбасының мүшелері _____

_____ негізінде _____

_____ ұсынады

(босқын мәртебесін беру немесе одан бас тарту)

Комиссия төрағасы _____

қолы және тегі, аты, әкесінің аты

Комиссия хатшысы _____

қолы және тегі, аты, әкесінің аты

Босқын мәртебесін беру ережесіне

7-қосымша

нысан

**Босқын мәртебесін беру/беруден бас тарту туралы
шешім**

_____ бойынша

(о б л ы с / қ а л а)

Көші-қон басқармасы

Қолдау хат
беруші суре-
Мөр

тінің орны

орны

N _____ 200_ жыл» " _____ "

Көші-қон басқармасы Қазақстан Республикасының» "Халықтың көші-қоны туралы" Заңына және» "Босқын мәртебесін беру ережелеріне" сәйкес, Тегі, аты, әкесінің аты _____
Туған күні және жері, азаматтығы _____

Тұрғылықты мекен-жайы _____
және отбасының мүшелері _____

Көші-қон басқармасының Босқын мәртебесін анықтау жөніндегі комиссиясы ұсынымының негізінде _____

_____ туралы шешім қабылдады.
(босқын мәртебесін беру немесе одан бас тарту)

Адамды босқын деп танудан бас тартылған жағдайда, Қазақстан Республикасының» "Халықтың көші-қоны туралы" Заңының 39-бабына сәйкес осы шешімге жоғары тұрған уәкілетті органға немесе сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Көші-қон басқармасының _____

бастығы қолы және тегі, аты, әкесінің аты

Қолдау хат беруші адамның қолы _____

Босқын мәртебесін беру ережесіне

8-қосымша

нысан

_____ бойынша

Көші-қон полициясының

бөлімшесі

Босқын куәлігін тіркеу жолдамасы

N _____ «" _____ "» _____ 200_ жыл

Осы жолдама Қазақстан Республикасында босқын мәртебесі берілген _____

(туған елін көрсету)

келген _____

(Тегі, аты, әкесінің аты)

және оның отбасы мүшелеріне _____

_____ мекен-жайы бойынша бір жыл мерзіміне тіркеу үшін берілді.

Көші-қон басқармасының _____
бастығы қолы және тегі, аты, әкесінің аты

Босқын мәртебесін беру ережесіне

9-қосымша

нысан

Босқын мәртебесін ұзарту/ұзартудан бас тарту туралы шешім

_____ бойынша
(о б л ы с / қ а л а)

Көші-қон комитеті

N _____ 200_ жыл»" _____ "

Көші-қон басқармасы Қазақстан Республикасының»"Халықтың көші-қоны туралы" Заңына және»"Босқын мәртебесін беру ережесіне" сәйкес, Тегі, аты, әкесінің аты _____
Туған күні және жері, азаматтығы _____

Тұрғылықты мекен-жайы _____

Көші-қон басқармасының Босқын мәртебесін анықтау жөніндегі комиссиясы ұсынымының негізінде _____

_____ туралы шешім қабылдады. (босқын мәртебесін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту)

Босқын мәртебесінен айырылған немесе ол тоқтатылған жағдайда Қазақстан Республикасының»"Халықтың көші-қоны туралы" Заңының 39-бабына сәйкес осы шешімге жоғары тұрған уәкілетті органға немесе сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Көші-қон басқармасының _____
бастығы қолы және тегі, аты, әкесінің аты

Босқынның қолы _____

Босқын мәртебесін беру ережесіне

10-қосымша

нысан

Босқын мәртебесін ұзарту/ұзартудан бас тарту жөніндегі комиссияның ұсынымы

_____ бойынша
(о б л ы с / қ а л а)

Көші-қон комитетінің басқармасының Босқын мәртебесін
анықтау жөніндегі комиссиясы

№ _____ 200_жыл»" _____ "

Көші-қон басқармасының Босқын мәртебесін анықтау жөніндегі комиссиясы
Қазақстан Республикасының»"Халықтың көші-қоны туралы" Заңына сәйкес
б о с қ ы н _____ м а т е р и а л д а р ы н _____ қ а р а п ,

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Туған күні мен жері, азаматтығы _____

Тұрғылықты мекен-жайы _____

және отбасының мүшелері _____

_____ негізінде

_____ ұсынады.

(босқын мәртебесін ұзартуды немесе ұзартудан бас тартуды)

Комиссия төрағасы _____

_____ қолы және тегі, аты, әкесінің аты

Комиссия хатшысы _____

_____ қолы және тегі, аты, әкесінің аты